



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
ХОРЕОГРАФИЯ  
АКАДЕМИЯСЫ

«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ-да  
дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары

Код: 17-01

Басылым: 1

1 бет 10 беттен


дана № \_\_\_\_\_

«Қазақ ұлттық хореография  
академиясы» КАҚ  
Ғылыми кеңесінің  
2018 ж. «29» қараша  
№ 4 хаттамасымен  
бекітілді

**«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ» КАҚ-ДА  
ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ  
ҚАҒИДАЛАРЫ**

Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
<b>ӘЗІРЛЕГЕН:</b>			
Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор м.а.	Алишева А.Т.		28.11.18г.
Оқу үрдісін ұйымдастыру және жоспарлау қызметінің басшысы	Абдрасилова Д.С.		28.11.18г.
Оқу үрдісін ұйымдастыру және жоспарлау қызметінің біліктілігі жоғары деңгейдегі маманы	Жаныбекова Л.К.		28.11.18г.
<b>КЕЛІСІЛДІ:</b>			
СМЖ жөніндегі маман	Косиди М.С.		28.11.18г.

Астана қ.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ-да дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары	Код: 17-01
		Басылым: 1
		2 бет 10 беттен

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы «Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ-да дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ-ның (бұдан әрі – Академия) мамандар даярлау бейініне және білім беру бағдарламасының талаптарына қызметі сәйкес келетін, білікті кадрлары мен материалдық-техникалық базасы бар ұйымдармен (бұдан әрі – Кәсіпорын) әлеуеттік әріптестік және өзара іс-қимыл тетіктерін дамыту мақсатында әзірленді.

2. «Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ-да дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары төмендегілерге сәйкес әзірленді:

- «Білім туралы» 2007 жылғы 7 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (бұдан әрі - ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жоғары білім берудің, техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (бұдан әрі - МЖМС);

- ҚР БҒМ 2016 жылғы 21 қаңтардағы №50 бұйрығымен бекітілген Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары.

3. Қағидалар техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары (бұдан әрі – ТжКБ) дуальды оқытуды ұйымдастыру мен өткізу және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына дуальды оқыту жүйесінің элементтерін енгізу тәртібін айқындайды.

4. Дуальды оқыту және дуальды оқыту жүйесінің элементтері (бұдан әрі - дуальды оқыту) Академия мен Кәсіпорындардың өзара іс-қимылына негізделген білім беру бағдарламаларын іске асыру нысанын қамтиды.

5. Кәсіпорындардағы дуальды оқыту кәсіптік оқыту кезеңінде ұйымдастырылады.


6. Дуальды оқыту бағдарламасын Академия Кәсіпорынмен келісіп әзірлейді және бағдарлама келесіні көздейді:

- білім алушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкес (бұдан әрі - МЖМБС) мамандықтары бойынша жалпы және кәсіптік құзыреттерді меңгеруі;

- білім алушылардың жоғары білім және ТжКБ-ның МЖМС білім беру бағдарламалары модульдерінің мазмұнын есепке алғанда практикалық тәжірибе жинақтауы.

7. Дуальды оқыту бағдарламасы МЖМБС-тың талаптарын жүзеге асыруды ескере отырып, апта күндері бойынша (апта, ай) Кәсіпорын базасымен Академияда ұштастыра білім алуды қарастырады.



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ-да дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары	Код: 17-01
		Басылым: 1
		3 бет 10 беттен

8. Білім алушыларға дуальды оқытуды ұйымдастыру және өткізуге Академия және Кәсіпорындардың басшылары жауапты болады.

## **2. Академия білім алушыларын дуальды оқыту мақсаттары мен міндеттері**

9. Дуальды оқытудың мақсаты мамандар даярлаудың жоғары тиімді, бәсекеге қабілетті жүйесін құру жолымен кәсіптік білім беруді дамыту, кәсіптік білім беру ұйымдарының оқу үрдісіне оқытудың жаңа технологияларын енгізу, үздіксіз кәсіптік білім беру жүйесін одан әрі дамыту болып табылады.


10. Академия білім алушылары үшін Кәсіпорындарда дуальды оқытуды ұйымдастыру және өткізу міндеттері:

- түлектердің даярлық деңгейінің әлеуетті жұмыс берушілердің нақты талаптарынан алшақтығын жеңуді қамтамасыз ететін, өнер және мәдениет саласында кадрларды кәсіптік даярлаудың жаңа моделін қалыптастыру;
- еңбек нарығының қажеттілігін қамтамасыз ететін өнер және мәдениет саласында кадрларды кәсіптік даярлауды дамыту;
- отандық өнер және мәдениет мекемелерінде кадрлар қажеттілігін анықтау жөніндегі мәселелерді шешуге қолдау көрсету;
- Кәсіпорындар қажеттіліктерін есепке ала отырып, олармен дуальды оқыту шарттарын жасау;
- Академия түлектерінің келешекте жұмысқа орналасуы үшін жағдайлар жасау;
- білім беру бағдарламалары мазмұнының жұмыс берушілердің талаптарына сәйкестігі мәселесін шешу;
- студенттің кәсіптік қалыптасу үрдісін жеделдету және қабілеттерін өз бетінше дамытуы және оған жүктелген міндеттерді сапалы орындауы;
- білім алушылардың бойында кәсіби тұрғыда өсуге ұмтылысы, өз міндеттерін орындауға саналы және шығармашылық түрде қарауы;
- Кәсіпорын ұжымының ең үздік дәстүрлерін меңгеру.

## **3. Дуальды оқытуды ұйымдастыру және өткізу**

11. Дуальды оқыту аясында оқу үрдісін ұйымдастыру жұмыс оқу жоспарларына, бағдарламаларына және ағымдағы оқу жылына арналған академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады.

12. Кәсіпорындарда оқыту нысандары, мазмұны мен көлемі тиісті мамандықтың қолданыстағы білім беру бағдарламалары/білім беру бағдарламасы және пәндер бойынша айқындалады.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ-да дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары	Код: 17-01
		Басылым: 1
		4 бет 10 беттен

13. Кәсіпорындарда дуальды оқыту күндізгі оқу нысанының ТЖКБ және жоғары білім берудің білім беретін бағдарламаларын меңгеретін білім алушыларының кәсіптік оқуы кезеңінде ұйымдастырылады.

14. Академия дуальды оқыту аясында білім беру бағдарламасын, жұмыс оқу жоспарын әзірлейді, Кәсіпорынға жіберілетін студенттердің тізімін құрады және Кәсіпорынмен келіседі.

15. Кәсіпорын өндірістік оқытуды іске асыру үшін жұмыс/оқу орындарын, білім алушыға тәлімгерді белгілейді, тиісті актіні шығарады.

16. Академия дуальды оқыту аясында білім алушыны Кәсіпорынға жіберу туралы бұйрық шығарады.

17. Академия, Кәсіпорын және білім алушылар дуальды оқыту туралы шартқа қол қояды.

18. Білім алушылар дуальды оқытудан өту шарттарымен танысады.

19. Өндірістік оқыту жетекшілері ағымдағы жылдың I шілдесінен кешіктірмей өткен оқу жылында өткізілген дуальды оқыту туралы жыл сайынғы есепті жасайды.

20. Дуальды оқыту аясында білім алушы аралық, қорытынды аттестаттаудан өтеді.

#### 4. Дуальды оқытуға қатысушылардың функциялары:


##### 21. Академия:

- 1) Оқу үрдісіне қажетті жағдайлар туғызады;
- 2) Кәсіпорынмен дуальды оқыту бойынша білім алушыларды даярлау үшін оқу жоспарларын және бағдарламаларды келіседі;
- 3) дуальды оқыту аясында білім алушылардың өндірістік оқытудан өтуі туралы өту мерзімдері, Кәсіпорын, кафедра меңгерушілері, факультеттер декандары/кәсіптік білім берудің мектеп-колледжінің басшысы қатарынан өндірістік оқыту жетекшісі көрсетілген бұйрық шығарады;
- 4) Кәсіпорында білім алушылардың өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан өтуіне бақылау жүргізеді;
- 5) Академияда аралық және қорытынды аттестаттауды өткізеді және біліктілікті тағайындау мен кәсіби дайындық деңгейін бағалауға қатысады;
- 6) дуальды оқыту бойынша білім алған және өз біліктілігін растаған түлектерді жұмысқа орналастыруға көмек көрсетеді.

##### 22. Кәсіпорын:

- 1) дуальды оқытуға бөлінген жұмыс орындарының санын анықтайды;
- 2) дуальды оқыту бойынша кәсіпорында оқу, жұмыс орындарын беру туралы өңірлік палатаға өтінімдер береді;



 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ-да дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары	Код: 17-01
		Басылым: 1
		5 бет 10 беттен

3) жұмыс оқу жоспарлары мен пәннің оқу бағдарламаларын, сондай-ақ оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеуге қатысады;

4) білім беру бағдарламаларына сәйкес өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы өткізуді ұйымдастыруды келісімге сәйкес қамтамасыз етеді;

5) техникалық қауіпсіздік талаптарына сәйкес жабдықталған оқушы, жұмыс орындарын ұсынады;

6) өндірістік оқыту және кәсіптік практикадан өтудің толық кезеңіне білім алушыға тәлімгерді бекітіп береді;

7) аталған саланы реттейтін жұмыс шарттарымен, нормативтік құқықтық актілермен, қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарымен таныстырады;

8) еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі бойынша заңнамада және өзінің ішкі құжаттарында көзделген барлық нұсқамалықтардың түрлерін жүргізеді;

9) білім алушыны аралық және қорытынды аттестаттауға қатысады;

10) дуальды оқыту бойынша білім алған және өз біліктілігін растаған түлектерді жұмысқа орналастыруға көмек көрсетеді.

### 23. Білім алушы:

1) аталған саланы реттейтін жұмыс шарттарымен, нормативтік құқықтық актілермен, қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарымен танысады;

2) оқу және өндірістік тәртіпті, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша талаптарды сақтайды;

3) оқу жоспарымен белгіленген көлемде толық оқу курсынан өтеді;

4) жасалған жұмыс туралы тәлімгерге есеп ұсынады;

5) аралық аттестаттан және дуальды оқыту аяқталғаннан кейін қорытынды аттестаттаудан өтеді.

### 24. Тәлімгер:

1) аталған саланы реттейтін жұмыс шарттарымен, нормативтік құқықтық актілермен, қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарымен танысады;

2) білім алушыдан өндірістік қызметке байланысты мәселелер бойынша нұсқаулардың орындалуын талап етеді;


3) білім алушыдан ауызша және жазбаша нысанда жұмыс есептерін талап етеді;

4) білім алушыны практикалық тәсілдерге және лауазымдық міндеттер мен тапсырмаларды сапалы орындау әдістеріне оқытады;

5) кәсіпорынмен (ұйыммен) келісілген жұмыс оқу жоспарына сәйкес білім алушыны оқытуды жүзеге асырады;

6) білім алушыға берілген тапсырмалардың орындалуына бақылайды;

7) білім алушы жіберген қателіктерді анықтауға және бірлесіп жоюға,

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ	«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ-да дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары	Код: 17-01
		Басылым: 1
		6 бет 10 беттен

бар кемшіліктерді жеңуге көмек көрсетеді;

8) білім алушының бойында өзінің кәсіби міндеттерін орындауға жауапты карауға, сондай-ақ жұмыстағы әріптестеріне дұрыс қарым-қатынасты қалыптастырады;

9) білім алушыға пікір жазады, дуальды оқытудан өту сапасына баға қояды.









